

"VALLEY KUSTO GB BV" компаниясымен Қазақстанда демонстрациялық фермалар желісін құру және ауыл шаруашылығы дақылдарын суару мен олардың түсімділігін басқарудың заманауи жүйелерін шығаратын зауыт салу жөніндегі инвестициялар туралы келісімді іске асырудың кейбір мәселелері туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 26 қазандығы № 768 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 12 тамыздағы № 647 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 12.08.2024 № 647 қаулысымен.**

2021 жылғы 12 қаңтардағы "VALLEY KUSTO GB BV" компаниясымен Қазақстанда демонстрациялық фермалар желісін құру және ауыл шаруашылығы дақылдарын суару мен олардың түсімділігін басқарудың заманауи жүйелерін шығаратын зауыт салу жөніндегі инвестициялар туралы келісімді (бұдан әрі – Инвестициялар туралы келісім) іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мына лизингтік компаниялар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржыландыру жөніндегі уәкілетті қаржы институттары (бұдан әрі – уәкілетті қаржы институттары) болып айқындалсын:

1) "Water Management Leasing" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (2000 бірлік механикаландырылған суару машинасы);

2) "QZQ Finance" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (1000 бірлік механикаландырылған суару машинасы);

3) "Jetisy Invest" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (1000 бірлік механикаландырылған суару машинасы).

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген уәкілетті қаржы институттары (келісу бойынша) Инвестициялар туралы келісімнің шарттарына сәйкес "Valley Kusto Kazakhstan Ltd." компаниясымен жалпы 4000 бірлік мөлшерінде механикаландырылған суару машиналарын жеткізу туралы келісім жасасуды заңнамада белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

3. Инвестициялар туралы келісімді іске асыру мақсатында қоса беріліп отырған облыстардың әкімдіктері мен уәкілетті қаржы институттарын бюджеттік қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспары (бұдан әрі – Ис-қимыл жоспары) бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау,

Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарының әкімдіктері Іс-қимыл жоспарының уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі осы қаулының 4-тармағында көрсетілген облыстардың әкімдіктері тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне қарай, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне Іс-қимыл жоспарының орындалуы туралы ақпарат берілсін.

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-күніне қарай, Іс-қимыл жоспарының орындалуы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат берсін.

7. Осы қаулының Жеткізу туралы келісімге қол қойылғаннан кейін қолданысқа енгізілетін 3-тармағын қоспағанда, осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 26 қазандағы  
№ 768 қаулысымен  
бекітілген

**"VALLEY KUSTO GB BV" компаниясымен Қазақстанда демонстрациялық фермалар желісін құру және ауыл шаруашылығы дақылдарын суару мен олардың түсімділігін басқарудың заманауи жүйелерін шығаратын зауыт салу жөніндегі инвестициялар туралы келісімді іске асыру мақсатында әкімдіктер және институттарын бюджеттік қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспары**

## **1-бөлім. Жалпы ережелер**

Осы Іс-қимыл жоспарында пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) Инвестициялар туралы келісім – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен "VALLEY KUSTO GB BV" компаниясы арасында 2021 жылғы 12 қаңтарда жасалған Қазақстанда демонстрациялық фермалар желісін құру және ауыл шаруашылығы дақылдарын суару мен олардың түсімділігін басқарудың заманауи жүйелерін шығаратын зауыт салу жөніндегі инвестиациялар туралы келісім;

2) уәкілетті қаржы институттары – "Water Management Leasing" жауапкерлігі шектеулі серіктестігі, "QZQ Finance" жауапкерлігі шектеулі серіктестігі, "Jetisy Invest" жауапкерлігі шектеулі серіктестігі немесе олардың кез келген құқықтық мирасқоры не Инвестициялар туралы келісімде айқындалған шарттармен Жеткізу туралы келісімге қол қоюға және оны іске асыруға жауапты қаржы

институты ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған кез келген езге тұлға;

3) компания – компания деп тек "VALLEY KUSTO GB BV" ғана емес, сондай-ақ Инвестициялар туралы келісімге сәйкес инвестициялық жобаны іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында құрылатын оның еншілес компаниясы/ компаниялары түсініледі;

4) механикаландырылған суару машиналары/жабдықтар – ауыл шаруашылығы дақылдарын суаруға арналған және сорғыларды, су беру жүйелерін, жүйені қозғалысқа келтіретін моторларды, спринклерлері бар суаратын шлангілерді және басқару жүйесін қоса алғанда, жабдықтар кешені түрінде көрсетілген "Valley" сауда маркасы желісінің бөлігі болып табылатын механикаландырылған ирригациялық жабдық;

5) жабдық бірлігі – механикаландырылған суару машинасы, ол кем дегенде сегіз аралықтан тұруы және агроенеркәсіптік кешен субъектісінің/фермердің қалауы бойынша таңдалуы тиіс;

6) дайындық жұмыстары – кірме жолдарды ұйымдастыру, электр энергиясымен қамтамасыз ету, су жеткізуге арналған арналар немесе құбырларды төсөу, сорғы жабдықтарын сатып алу (қажет болса) және монтаждау, өзге де қажетті жұмыстар, сондай-ақ агроенеркәсіптік кешен субъектілерінің/фермерлердің жер участкесінде механикаландырылған суару машиналарының жұмыс істеуі үшін қажетті өзге де жабдықтарды сатып алу және монтаждау сияқты жұмыстарды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, механикаландырылған суару машиналарын кейіннен іске қосу және пайдалану үшін инфракұрылымды дайындау үшін орындалуы қажет жұмыстар;

7) Жеткізу туралы келісім – Инвестициялар туралы келісімнің шарттарына сәйкес уәкілетті қаржы институттары мен "Valley Kusto Kazakhstan Ltd" компаниясы арасында жасалуға тиіс 4000 бірлік механикаландырылған суару машинасын Жеткізу туралы келісім;

8) Іс-қимыл жоспары – Инвестициялар туралы келісімді және Жеткізу туралы келісімді іске асыру мақсатында әкімдіктер мен уәкілетті қаржы институттарын бюджеттік қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспары;

9) агроенеркәсіптік кешен субъектілері (бұдан әрі – АӨК субъектілері/фермерлер) – агроенеркәсіптік кешенде жұмыс істейтін жеке және занды тұлғалар;

10) аванстық төлем – жеткізу графигіне және Инвестициялар туралы келісім мен Жеткізу туралы келісімнің шарттарына сәйкес әрбір нақты жылда жабдықтың тапсырыс берілмеген бірлігі үшін компанияның пайдасына уәкілетті қаржы институттары төлеуі тиіс алдын ала төлем сомасы;

11) Инвестициялық субсидиялау қағидалары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17320 болып тіркелген) бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроОнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары;

12) инвестициялық субсидияларға аванс беру – дайындық жұмыстарын жүргізуге және/немесе жабдықты лизингке сатып алуға кредит беру кезінде бастапқы жарна ретінде пайдалану (бірлесе қаржыландыру) үшін АӨК субъектілеріне/фермерлерге дайындық жұмыстарын жүргізуге мемлекеттің жабдық құнының кемінде 50 %-ы мөлшерінде инвестициялық субсидияларды аванстық ұсынуы;

13) ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші (бұдан әрі – АШТӘ) – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын жеке немесе занды тұлға;

14) ҚР АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;

15) ЖАО/әкімдік/әкімдіктер – бірлесіп Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарының әкімдіктері немесе жеке-жеке әр әкімдік.

16) сенім білдірілген агент – әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация немесе сенім білдірілген агенттің функцияларын орындауға әкімдік уәкілеттік берген өзге де занды тұлға;

17) револьверлік кредит – кредиттік келісімнің тараптары арасында қосымша келіссөздерсіз кез келген уақытта автоматты түрде берешектің белгіленген мерзімі шегінде берілетін револьверлік кредит.

## **2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау**

Қазіргі уақытта Қазақстанда шамамен 100 текше км жаңартылатын су көздерінің резерві бар. Бұл ретте Қазақстан су күйzelісінің деңгейі жоғары ел болып табылады және қуанышылық жылдары құрғақ өнірлерде су тапшылығымен бетпе-бет келеді. Дүниежүзілік Банктің болжамдарына сәйкес климаттың өзгеруіне байланысты 2030 жылға қарай қолжетімді су көлемі 72 текше км-ге дейін қысқарады, бұл ел экономикасына айтарлықтай әсер етеді.

Су ресурстарының негізгі тұтынушылары – 66 % ауыл шаруашылығы және 34 % өнеркәсіп.

Қазақ КСР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің Су шаруашылығы жүйелері мен құрылыштары бас басқармасының деректері бойынша 1989 жылды суармалы жерлердің ауданы 2,3 млн гектарды құрады, оның

664 мың гектары жаңбырлатқыш қондырғылармен суарылды, жерүсті суаруы 1,7 млн гектар аумақта қолданылды. Бұгінгі күні Қазақстандағы суару ауданы 1,57 млн гектарды құрайды, бұл ретте су үнемдеу технологияларының ауданы 248,5 мың гектарды құрайды, оның 176,2 мың гектары – жаңбырлатып, 72,2 мың гектары – тамшылатып суару. Өнірлердің сумен біркелкі қамтамасыз етілмеуі, ирригациялық инфрақұрылымдардың қазіргі проблемалары, судың жоғары ысырабы (шамамен 36 %), суарудың ескірген әдістері ауыл шаруашылығында суды пайдалану тиімділігінің төмен болуының және су ресурстарын ұтымсыз пайдаланудың себептері болып табылады.

1-сурет. Су ресурстарының Қазақстан өнірлері бойынша бөлінуі.



2-сурет. Қазақстанда суарудың су үнемдеу технологияларын енгізуудің даму серпіні



Дереккөз: ҚР АШМ

1-кесте. 2021 жылғы жай-күй бойынша су ұнемдеу технологияларымен суару ауданы, га

Облыс	Жаңбырлатып суару	Тамшылатып суару	Барлығы
Ақмола	29600		29600
Ақтөбе	20900	600	21500
Алматы	8300	12000	20300
Атырау	940	3170	4110
Шығыс Қазақстан	9700	700	10400
Жамбыл	12000	28000	40000
Батыс Қазақстан	2900	936	3836
Қарағанды	23700		23700
Қостанай	5780	322	6102
Қызылорда	90	3	93
Маңғыстау	71	863	934
Павлодар	57085	691	57776
Солтүстік Қазақстан	2220	230	2450
Түркістан	3000	24715	27715
Жиыны	176286	72230	248516

Дереккөз: ҚР АШМ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің суармалы егіншілікті дамыту жөніндегі 2030 жылға дейінгі жоспарларына сәйкес суармалы егіншілік алаңын 3 млн гектарға дейін ұлғайту жоспарлануда, бұл мал шаруашылығын дамыту үшін азық ресурстарына қажеттіліктің өсуімен, сондай-ақ жалпы өсімдік шаруашылығындағы қызметтің тиімділігін арттырумен байланысты.

Суармалы ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіретін негізгі өнірлер – Түркістан (34 %), Жамбыл (22 %), Алматы (19 %), Қызылорда (16 %) облыстары. Қазақстанның қалған облыстарына суармалы алқаптардың 9 %-ы ғана тиесілі (2-кесте). Суармалы алқаптар құрылымының басым бөлігін азықтық дақылдар (35 %), мақта (12 %), жүгері (10 %), күріш (9 %), майлы дақылдар (8 %), көкөністер (7 %) және бақша дақылдары (7 %) алыш жатыр.

2-кесте. 2020 жылдың өнірлер бөлінісінде суармалы дақылдардың жиналған ауданы, мың га

Дақыл	Түркістан облысы	Жамбыл облысы	Алматы облысы	Қызылорда облысы	Басқа облыстар	Жиыны
азықтық	123,7	173,7	27,6	58,3	43,8	427,1
мақта	125,9					125,9
жүгері	41,9	17,4	53,4	0,4	4,0	117,1
күріш	3,8		8,9	89,4		102,1
майлы	3,1	9,4	52,2	5,6	3,1	73,4
бақша	60,6	14,3	1,3	1,5	1,5	79,2
көкөніс	30,1	32,6	5,7	0,2	11,0	79,6
өзге	54,6	20,6	70,8	10,2	54,4	210,6
Жиыны	443,7	268,0	219,9	165,7	117,7	1214,95

Дереккөз: Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

Жаңбырлатып суару, тамшылатып суару және басқа да су үнемдеу технологиялары сияқты су үнемдеу технологияларын енгізу тұтынылатын су көлемін едәуір азайтуға мүмкіндік береді, бұл ретте бір гектар алаңдан алынатын ауыл шаруашылығы өнімінің шығымын арттырады.

Осы Іс-қимыл жоспары Қазақстанда су үнемдеу технологияларын енгізу дійсілеу асуруға бағытталған шаралар кешенін айқындаиды, бұл мынадай мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- 1) ауыл шаруашылығында суды пайдалану тиімділігін арттыру;
- 2) өсімдік шаруашылығындағы өнімділікті арттыру және суармалы егіншілік алаңы бірлігінен алынған қосылған құнды ұлғайту;
- 3) елдің су тапшы өнірлерінде судың қолжетімділігін арттыру;
- 4) ауа райына тәуелділікті төмендету және құрғакшылықтан егінді жоғалту қаупін жою.

### **3-бөлім. Инвестициялар туралы келісімнің және жеткізу туралы келісімнің шарттарына сәйкес қаржыландыру тетігі**

Инвестициялар туралы келісімнің шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі 10 жыл ішінде 4000 бірлік жабдық сатып алуды 100 % қаржыландыруды және "Valley Kusto Kazakhstan Ltd" компаниясы мен уәкілетті

қаржы институттары арасында жасалатын Жеткізу туралы келісімнің шарттарында қажетті дайындық жұмыстарын қаржыландыруды қамтамасыз ету міндеттемесін алды.

Компаниядан 4000 бірлік жабдық сатып алууды қаржыландыру және дайындық жұмыстарын қаржыландыру бойынша міндеттемелерді іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджеттік қаржыландырудың келесі тетігін айқындалды.

### **1-параграф. ЖАО/Облыстар әкімдіктерін нысаналы қаржыландыру**

1.1. Жыл сайын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен әкімдіктердің инвестициялық субсидиялау және бюджеттік кредиттеу мақсаттарына арналған өтінімдеріне сәйкес жабдықтарды сатып алу және дайындық жұмыстарын жүргізу үшін жеткілікті көлемде мынадай графикке сәйкес қаражат бөлінді:

- 2022 жылы – 200 (екі жұз) бірлік;
- 2023 жылы – 325 (үш жұз жиырма бес) бірлік;
- 2024 жылы – 375 (үш жұз жетпіс бес) бірлік;
- 2025 жылы – 400 (төрт жұз) бірлік;
- 2026 жылы – 400 (төрт жұз) бірлік;
- 2027 жылы – 400 (төрт жұз) бірлік;
- 2028 жылы – 400 (төрт жұз) бірлік;
- 2029 жылы – 500 (бес жұз) бірлік;
- 2030 жылы – 500 (бес жұз) бірлік;
- 2031 жылы – 500 (бес жұз) бірлік.

1.2. Облыстар әкімдіктерін респубикалық бюджеттен қаржыландыру:

1) инвестициялық субсидиялау мақсаттарына: ҚР АШМ әзірлейтін және енгізетін өзгерістерді ескере отырып, осы Іс-қимыл жоспарының 1.1-тармағында көрсетілген графикке және Инвестициялық субсидиялау қағидаларына сәйкес жабдықтарды сатып алуға және Дайындық жұмыстарын жүргізуге инвестициялық субсидиялау беру үшін жеткілікті көлемде;

2) бюджеттік кредит беру мақсаттарына: осы Іс-қимыл жоспарының 1.1-тармағында көрсетілген графикке сәйкес жабдықтарды сатып алу және Дайындық жұмыстарын жүргізу үшін жеткілікті көлемде жүзеге асырылады.

ҚР АШМ қолданыстағы заңнамаға және жасалатын тиісті кредиттік шарттарда айтылған талаптарға сәйкес әкімдіктерге бөлінген бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуын бақылайды және қамтамасыз етеді. Әкімдіктерге жоғарыда бөлінген қаражатты осы іс-қимылдар жоспарында көзделмеген мақсаттарға жіберуге тыйым салынады.

1.3. Әкімдіктер занды тұлғаларға Сенім білдірілген агенттердің функцияларын орындауға уәкілеттік береді.

1.4. Уәкілетті занды тұлғалар әкімдіктермен жасалған шарттарға сәйкес Сенім білдірілген агенттердің функцияларын орындауды және ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмейтін мерзімде, қаражаттың пайдаланылуы туралы есептер дайындауды.

## **2-параграф. Уәкілетті қаржы институттарынысаналы қаржыландыру**

Уәкілетті қаржы институттарына бюджеттік кредит беру үшін қаржыландыру мынадай тәртіппен ұсынылады:

2.1. Уәкілетті қаржы институттары АШТӨ-ден жабдықтарды сатып алуға және дайындық жұмыстарын қаржыландыруға өтінімдер жинайды, талап етілетін инвестициялық субсидиялау мен бюджеттік кредит беру сомасын қоса алғанда, келесі жылға арналған бюджеттік қаржыландыруға облыс бойынша шоғырландырылған өтінім қалыптастырады және ағымдағы жылдың 1 шілдесінен кешіктірілмейтін мерзімде сенім білдірілген агентке береді.

2.2. Сенім білдірілген агент өтінімді тексереді және тиісті облыс әкімдігімен бірлесіп, қолданыстағы бюджет заңнамасына сәйкес бюджеттік қаржыландырудың мәлімделген сомасын алу бойынша іс-шаралар жүргізеді.

2.3. Келесі жылы бюджет қаражатын алғаннан кейін әкімдіктер уәкілетті қаржы институттарымен тиісті кредиттік келісімдерге қол қояды және уәкілетті қаржы институттарының өтінімдері бойынша оларға бюджеттік кредиттерді береді.

2.4. Қамтамасыз ету түрі – уәкілетті қаржы институттарының теңгеріміндегі және АШТӨ-ге лизингке берілген жабдық, АШТӨ-ге жеке меншік немесе ұзақ мерзімді жер пайдалану және ҚМЖ құқығымен тиесілі жер участкесі, басқа занды тұлғалардың кепілдігі, кепілгерлігі.

2.5. Уәкілетті қаржы институттары кредиттердің пайдаланылуы туралы ақпаратты қоса алғанда, есепті жылдың 15 желтоқсанына дейін:

- а) жабдықтарды сатып алуға;
- б) дайындық жұмыстарын қаржыландыруды жүргізуға;
- в) аванстық төлемдерді төлеуге арналған кредит қаражатын нысаналы пайдалану және игеру жөніндегі әкімдіктің Сенім білдірілген агенттің алдында есеп береді.

Уәкілетті қаржы институттарының есептерін ұсыну тәртібі, нысаны және кезеңділігі, сондай-ақ уәкілетті қаржы институттарына кредиттер берудің осы Ис-қимыл жоспарында көзделмеген өзге де талаптары тиісті кредиттік шартта белгіленеді.

Әкімдік пен уәкілетті қаржы институттары арасында жасалған кредиттік шарттар бойынша уәкілетті қаржы институттары қарыздарды мерзімінен бұрын етеген жағдайда, осы қаражатты қайта пайдалану револьверлік кредит беру талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

### **3-параграф. Уәкілетті қаржы институттарының жабдықтарды сатып алуға және дайындық жұмыстарына АШТӨ-ні қаржыландыруды ұсыну шарттары**

Көрсеткіш	Шарты, мәні
Жабдықтарды лизингке сатып алуды және дайындық жұмыстарын қаржыландыру мерзімі	10 жылдан аспайды
Валюта	Тенге
Сыйақының жылдық мөлшерлемесі	7 %-дан аспайды.
Кредитті өтеу және сыйақы төлеу	Жылдық аннуитеттік төлемдермен 1 желтоқсанға дейін
Женілдікті кезең	1 жыл
Қамтамасыз ету	Уәкілетті қаржы ұйымдарының тенгеріміндегі және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жалға берілген жабдықтар, жеке меншік немесе ұзақ мерзімді жер пайдалану мен құрылыш-монтаж жұмыстары, басқа занды тұлғалардың кепілдіктері, кепілдіктері негізінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге тиесілі жер.

### **4-параграф. Күтілетін нәтижелер**

Іс-қимыл жоспарын іске асыру агроенеркәсіптік кешенді және экономиканың аралас салаларын дамытуға оң әсер етеді, суармалы егіншілікті дамыту бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етеді, су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттырады және су ысырабын қысқартады, құрғақшылық пен климаттың өзгеру қаупін азайту есебінен халықтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, жаңа жұмыс орындарын құруға және инвестициялық ахуалды жақсартуға ықпал етеді деп күтілуде.